

**«Алтынсарин академиясының хабаршысы»  
әдістемелік журналының  
АВТОРЛАРҒА АРНАЛҒАН ЕРЕЖЕЛЕРІ**

1. Жарияланымдарға қазақ, орыс, шет тілдеріндегі мақалалар қабылданады. Мақалаларды авторлар мұқият тексеріп, өңдеуі керек.

2. Мақалалар компьютерде терілуі керек, аралық интервал – 1, өрістер: сол жағы - 30 мм, оң жағы - 15 мм, жоғарғы жағы - 20 мм, төменгі жағы - 20 мм, сондай-ақ «Windows-ке арналған Word» мәтіндік редакторындағы электронды мақала қабылданады.

3. Мақаланың көлемі (әдебиеттер тізімін, кестелерді, суреттер, олардың атауын қоса алғанда) 10 беттен аспауы тиіс.

4. Суреттер көлемі мақала көлемінің 1/4 бөлігінен аспауы тиіс.

5. Мақалалар келесі ережелерге сәйкес қатаң түрде рәсімделуі керек:

- FTAMP (ғылыми техникалық ақпараттың мемлекетаралық айдары)

<https://grnti.ru/>;

- мақаланың тақырыбы мақала мазмұнын толықтай ашуы керек және 12 сөзден аспауы керек. Техникалық параметрлер: кегль - 14, гарнитура - Times New Roman, бас әріптермен, қалың, абзац орталықтандырылған болуы керек;

- автордың (авторлардың) аты-жөні мен тегі, сондай-ақ мекеменің толық атауы мынадай техникалық параметрлерге сәйкес келуі тиіс: кегль - 14, гарнитура - Times New Roman, орталықтандырылған абзац;

- андатпа мақаланың негізгі ақпаратын қамтуы керек, көлемі 100 сөзден аспағаны жөн. Андатпа қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде беріледі. Андатпа келесі параметрлерді сақтауы керек: кегль - 12 пункт, гарнитура - Times New Roman, көлбеу (курсив), солдан оңға шегініс - 1 см, жоларалық интервал – дара;

- түйінді сөздер андападан кейін қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жазылуы тиіс және 4-7 сөз жеткілікті. Түйінді сөздер келесі параметрлерді сақтауы керек: кегль - 12, гарнитура - Times New Roman, көлбеу (курсив), сол-оң жақ шегініс - 1 см, жоларалық интервал – дара;

- мақала мәтіні: кегль - 14, гарнитура - Times New Roman, жоларалық интервал – дара;

**Мақаланың құрылымы:** кіріспе, әдістеме, практикада қолдану, ұсыныстар, қорытынды және қолданылған деректер тізімінен тұрады.

**МАҚАЛАНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ (1500 – 2500 сөз)**

**Кіріспе (200-400 сөз)**

Кіріспеде әдістемелік мақала тақырыбының маңыздылығы мен өзектілігін жазылу керек. Мақаланың мақсаты мен міндеттерін тұжырымдап, осы тақырып бойынша жазылған отандық және шетелдік әдебиеттерге шолу жасалады.

**Әдістеме (400-750 сөз)** *(технологияны қолдану / озық педагогикалық тәжірибе / авторлық бағдарлама / әдіс / тәсіл)*

Бұл бөлімде әдістеменің толық сипаттамасы ұсынылады. Оның ерекшеліктері, негізгі реттілігі мен принциптерін сипаттау керек. Білім беру немесе оқушылармен жұмыс істеу процесінде қолданылатын әдістер жазылады.

### **Практикада қолдану (500-850 сөз)**

Бұл бөлім әдістемені іс жүзінде қалай нақты қолданылғанын көрсетуге арналған. Сабақтар, авторлық бағдарлама, жобалар немесе басқа білім беру іс-шаралары сияқты әдістемені нақты білім беру процесінде қолдану барысы келтіреді. Әдістемені қолдану нәтижелерін талдау және оның тиімділігіне баға береді. Сонымен қатар осы бөлімде әдістемені қолданудың артықшылықтары мен кемшіліктері де жазылады.

### **Ұсыныстар (200-250 сөз)**

Ұсыныстар бөлімінде басқа педагогтерге әдістемені оқу процесіне сәтті енгізу бойынша ұсыныстар беріледі. Бұл әдістемелерді қолдануға дайындық бойынша кеңестер, нәтижелерді бағалау әдістері, әртүрлі оқу топтары мен контекстерге бейімделу және басқа да практикалық ұсыныстар жазылады.

### **Қорытынды (200-250 сөз)**

Қорытынды – бұл әдістемелік мақаланың соңғы, бірақ маңызды бөлімі. Бұл бөлімде мақалада жазылған ойлардың, әдістемелердің, олардың практикада қолданылуы бойынша жалпы тұжырым жасалынады. Қорытынды қысқа, бірақ мазмұнды болуы керек және педагогтердің практикалық қызметі мен білім беру процесін дамыту үшін зерттеудің маңыздылығын атап өтуі керек.

### **Қолданылған деректер тізімі**

Осы журналға арналған әдебиеттер тізімінде мақала мәтінде сілтеме жасалған дереккөздер ғана көрсетілуі керек. Тізімді жасамас бұрын, тізімдегі барлық дереккөздердің мақалада болғандығын тексеру керек. Сондай-ақ, ел ішіндегі зерттеулер мен жарияланымдарға негізделген жұмыстарды қоса алғанда, отандық көздердің болуы міндетті. Әдебиеттер тізімі ГОСТ 7.5-98; ГОСТ 7.1-2003 сәйкес ресімделуі керек. Барлық сілтемелер түпнұсқа тілінде берілуі керек. Мақалада келтірілген сілтемелер нөмірленген және төртбұрышты жақшада болады.

- кестелер мәтіндегі сілтемеден кейін орналастырылады, оларды мәтінде атап өту ретімен нөмірленеді, әр кестенің өз тақырыбы болады. Диаграммалар мен графиктер кестелерді қайталамауы керек. Кестелердің материалы мәтінге қосымша сілтеме жасамай-ақ түсінікті болуы керек. Кестеде қолданылған барлық қысқартулар оның астында орналасқан жазбада түсіндірілуі керек;

- суреттер TIFF кеңейтімі бар жеке файлдармен ұсынылады (\*.TIF) немесе JPG (Word бағдарламасына ендірілмеген). Әр суретте мәтінде бір сілтеме болуы керек, суреттердегі нөмірлеу өтпелі болуы керек, суреттерге қолтаңбалар жеткілікті толық ақпаратты қамтуы керек;

- қысқартулар тек жалпы қабылданған – өлшем атауларын, физикалық, химиялық және математикалық шамалар мен терминдерді және т. б. қолдануға рұқсат етіледі;

- математикалық формулаларды Microsoft Equation ретінде теру керек (әр формула бір объект).

6. Редакция мақаланы әдеби және стилистикалық өңдеумен айналыспайды. Талаптарға сәйкес келмейтін мақалалар жариялауға қабылданбайды.

7. Мақаланың электрондық нұсқасы электрондық пошта арқылы

жіберілуі керек: bak@uba.edu.kz

8. Байланыс телефондары: 87172725882, 87058715279

9. Жеке бетте автор туралы мәліметтер болуы керек: толық аты-жөні, ғылыми дәрежесі мен ғылыми атағы, біліктілік санаты, жұмыс орны;

- мақаланың атауы және автордың (авторлардың) тегі қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде («Мазмұны» үшін).

Мақала жариялау **тегін**.

Деректемелері: РНН 600900611860, БИН 080940006848, ИИК KZ44826Z0KZTD2004082, БИН 080940006848, КБЕ 16, БИК HSBKZZKX, АО «Қазақстан халық банкі»